

Международный научно-популярный журнал

ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана

Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№2 (56) 2018



Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі, генерал-полковник
ҚАЛМҰХАНБЕТ ҚАСЫМОВ

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal

№2/2 (56) 2018

Бас редактор – Е.О. Алауханов
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – Алауханов Е.О.
«Заслуженный деятель Казахстана», доктор юридических наук, профессор

Editor-in-chief – Alaukhanov Y.O.
«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», Doctor of Law, professor

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Б.М. Айтұарова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң доценті

Қ.Д. Арыстанбекова

аға оқытушы

А.К. Бегалиева

аға оқытушы

С.А. Нусипбаева

аға оқытушы

А.Е. Үсенбекова

аға оқытушы

Түйіндеме: Мақалада қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті жайында баяндалады.

Резюме: В статье рассматривается материальная и духовная культура казахского народа.

Summary: "Material and spiritual culture of peoples of Kazakhstan".

Қазақстан жерінде VI-XII ғасырларда өмір сүрген түрік тайпалары өздеріне тән үлкен материалдық мәдениет қалдырған. Түрік дәуіріндегі материалдық мәдениет қалдықтарының түрлері, негізінен, адамдардың шұғылданған шаруашылықтарымен байланысты болған. Оған археологиялық қазба зерттеулері нәтижесінде табылған заттар толық дәлел бола алады. Мәселен, түрік дәуірі кезіндегі обалардан көбірек кездесетін заттар: қол диірмендер, үккіштер, темір орақ, тағы да басқа құрал-жабдықтар жатады. Бұлар ол кездегі халықтардың егін шаруашылығымен айналысқан жағдайын байқатады. Ал түрік тайпаларының мал шаруашылығымен кеңінен айналысқандығын археологиялық қазбалардың барысында молырақ кездесетін темірден жасалған ат әбзелдері (ауыздықтар, олардың әшекейлері, үзеңгілер) құрал-сайман, қару-жарақтар, әсіресе темір семсерлер, найзалар, олардың ұштары, т.б. көрсетеді.

Түркі халықтарының материалдық мәдениеті жөнінде айтқанда, әсіресе зираттардың басына тастан жасалған мүсіндердің көптеп қойылатындығы көңіл аударады. Олар: бал-бал тастар, тас келіншектер, т.б. Бұл тас мүсіндер Қазақстанның барлық аймақтарында көптеп кездеседі. Олар түркі тайпаларының ішінде қолөнерінің, әсіресе тас қашайтын шеберлердің болғандығын көрсетеді [1. 86,87бб]

Ортағасырлық Қазақстанның материалдық мәдениетінің басты бір саласы - архитектуралық құрылыс өнері. Оның дамуы барысында қалаларда, қоғамдық ғимараттар, тұрғын үйлер тұрғызу, ислам және басқа да діни кешендерін салу ісі өрістеді. Бұлардың архитектуралық сыртқы көрінісі жинақы, қаланың орталық алаңдарында орналасқан іргелі құрылыстардан тұрған. Мешіт құрылысында, оның зәулім биік мұнарасын тұрғызуда сәулет өнерінің сол кездегі жетістіктері пайдаланылған. Ол кездегі құрылыстар қатарына Айша бибі кесенесі, Жошы хан күмбезі, Алаша хан күмбезі жатады.

Айша бибі күмбезі Тараз қаласынан 18 шақырымдай жерде орналасқан.

Бұл кесененің аумағы ені мен көлденеңі 7 метрден сәл астам, сыртқы беті тұтас оюланған. Әшекейлі қабырғаларының қалыңдығы - 80 см. Бұл ескерткіште қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан ою-өрнектерінің бәрі ұшырасады. Бұған дейін ою-өрнектер әшекейлі кірпіштерден өріліп жасалса, бұл күмбезде олар құйма-оюмен алмастырылған.

Айша бибі күмбезінің бір ерекшелігі қабырғасының ішкі беті кірпішпен, сыртқы беті күйдірілген құйма тастармен өрілген, ал олардың арасын әк қосылған балшықпен жымдастырып, арша ағашымен ұстатқан. Ағаш жер сілкінгенде қабырғаларын құлатпай ұстап тұруға арналған. Түрлі оюлар салғанда қазақтың ежелгі бай тәжірибелерін қолданған. Айша бибі ескерткішінен XI-XII ғасырларда өркендеген қазақ қолөнерінің таңдаулы үлгілерін көреміз. Бұл ою үлгілер қазақ халқының бүгінгі өнеріне әсемдік беріп, оны байыта түседі [2.270б].

Жошы хан кесенесі XIII ғасырдың бірінші жартысында салынған деуге болады. Осы күмбезді салуға арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы елдерінің адамдары қатысқан. Мұны осы ескерткіштің өрнектерінде кездесетін осы тайпалардың таңбалары дәлелдейді. Күмбез бедері қалақ кірпіштерімен әшекейленген. Бұл құрылыста күйген кірпіш әк пайдаланылған.

Алаша хан күмбезі - Ұлытау өңіріндегі шоқтығы биік ескерткіш. Ол Жезқазған облысының Жезді ауданындағы Қаракенгір өзенінің оң жағасында «Сарыкенгір» совхозының орталығынан дауыс жетер жердегі дөң үстінде тұр. Аңызға қарағанда осы күмбезді салушылар оны атына лайықтап алаша кілем түрімен нақыштаған. Мұнда қиықша, жұлдыз гүл сияқты өрнек түрлері қолданылған. Әрбір күмбез қабырғалары-

ның жоғарғы жиегіне жұлдызды гүл салынған.

Ортағасырлық Қазақстан жеріндегі пұтқа табынушылықпен қатар белгілі дүниежүзілік будда, христиан, манихей, зороастризм діндері де тарай бастады[3.53-5566]. Олардың таралуына Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарды. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда діні Үндістаннан Орта Азия мен Қазақстан арқылы өткен. Зерттеушілердің пікірінше, түріктер VI ғасырдан бастап буддизмнің ықпалына түскен, ал VII ғасырдың бірінші жартысында батыс түркілерінің кейбір билеушілері буддизмді қолдап, оған қамқорлық жасаған.

Түркілер өздерінің діни наным-сенімінде ата-баба аруағына табынды, олардың о дүниелік болғанынан кейін де өмір сүретініне сенді.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тұрғындары арасындағы тараған келесі діндердің бірі - зороастризм. Бұл дін ең әуелі б.з.б. VIII-IV ғасырларда ертедегі Иран жерінде қалыптасты. Зороастризм діни суды, отты, жерді, ауаны қастерлеуді уағыздады. VI-VII ғасырларда Қазақстан қалаларына зороастра дінін Орта Азиядан соғдылар әкелген.

VIII ғасырда Қазақстан жерінде ислам діні тарай бастады. Әсіресе Орта Азиядағы саманилер әулеті тұсында ислам қарқынды түрде жүрді. Оны тарату үшін Қазақстанның оңтүстік аудандарына, Жетісуға көптеген жорықтар жасалды. Саманилер Искифжаб, Фараб, Тараз қалаларын басып алып өздеріне тәуелді етті. Искифжаб үшін болған шайқастар «дін жолындағы күрестің» орталығына айналды. XX ғасырдың аяғында ислам Жетісу қалаларына кеңінен тарады. X ғасырда Қарахан заманынан бастап Қазақстан жерін мекендеген түркітілдес халықтар бүтіндей ислам дінінің даму жолына түсті.

Дүниежүзілік өркениеттің сәулетті сарайы адамзаттың таңдаулы өкілдерінің ақыл-парасатымен тұрғызылғаны әмбеге аян. Қазақстан жерінде ежелден-ақ көптеген қалалар болған алғаш шағын елді мекендер ретінде салына бастаған қоныстар бірте-бірте тұрғын халқы көбейіп қалаларға айналады. Қалалардың көбі өзен-көлдердің жағасына, жері бай, топырағы құнарлы, ауа райы жылы жерлерге салынған. Қалалар әсіресе Талас, Іле, Қырғыз, Жоңғар Алатауының бөктерінде жиі кездеседі. Өйткені бұл аймақтардан Сырдария, Арыс, Шу, Талас, Сарысу, Кеңгір сияқты өзендер ағып өтетін. Ежелгі қалалардан өмір сүріп тұрғандардың бірі Түркістан, Отырар, Тараз қалалары болса керек.

Түркістан қаласы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, теміржол станциясы, Шымкент қаласынан 225 шақырым жерде орналасқан. IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шабғар деген үлкен қала болған. IX-X ғасырларда бұл қала гүлденіп осы кезден бастап, Ясы қаласы деп атала бастайды. Ал XV ғасырдан бастап Түркістан деп аталды. Түркістан деген сөз «түріктер мекені, елі» дегенді білдіреді. Өйткені сол заманда бұл аймақты түркітілдес халықтар мекендеген.

Түркістан маңында егіншілік кәсібі жақсы дамыды. Оңтүстіктің жылы ауа райы, суы мол, шұрайлы шөбі қала төңірегінде егін шаруашылығының ойдағыдай дамуына жағдай жасады. Мұның өзі қаланың гүлдене түсуіне тікелей әсер етті. Шығыстан да, Батыстан да үздіксіз келіп жатқан сауда керуендерінің демалып аттанатын кіндігі болды. Сондықтан да Мағжан Жұмабаев:

Түркістан - екі дүние есігі ғой.

Түркістан - ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған,

Түріктің Тәңірі берген несібі ғой[5].

Түркістан қаласына бүгінгі таңда 1500 жыл болды.

Отырар - бүкіл Шығысқа танымал болған ежелгі қалалардың бірі. Кейбір деректерге қарағанда оның орнындағы алғашқы қоныстар осыдан екі жарым мың жылдай бұрын пайда болған екен. Отырар VI-VIII ғасырларда Сырдария өзенінің орта тұсындағы ірі мемлекеттің астанасы болды. IX-XII ғасырларда сол аймақтың бас қаласына айналды. Отырар алғаш рет Фараб деп аталған. Арабтың бұл сөзі «парық, парасат» дегенді білдіреді. Отырар қаласының тез өсіп-гүлденуіне оның тұрған жері де әсер етті. Бұл жердің табиғат жағдайы тіршілікке қолайлы, ауасы жылы, көктемі мен жазы көкөрай шалғынды, шөбі шүйгін болатын. Қаланың тез өсуіне ең алдымен жағдай жасаған Ұлы Жібек жолы болатын.

Отырарда үлкен медресе, базар, ұстахана, қонақ үй, мешіт, монша, сауда дүкендері, т.б. орындар болды. Ол сол аймақтағы халықтардың сауда-саттық жасайтын, оқып білім алатын қара шаңырағына айналды.

1218 жылы отырарлықтар моңғолдардың талауына түсті. Халқы түгелге жуық қырылды. Қала қиратылды.

XIV ғасырдың орта кезінде қала қайтадан көтерілді. Жаңадан бекініс қорған, түрлі ғимараттар салынды. Алайда қала бұрынғыдай гүлденіп бой көтере алмады. XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап қала азып-тозып құлдырай берді. Бірте-бірте өлі қалаға айналды.

Тараз (Талас) - орта ғасырдағы Қазақстан қалаларының аты әйгілілерінің бірі. VII ғасырдан бастап Тараз Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне айналды. Тараз бекіністі үлкен қала еді. Онда сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері бар: Айша бибі, Қарахан, Бабаджа Хатун.

Қаланың гүлденген кезі - X-XII ғасырлар. Тараз қаласы орта ғасырда көпестер қаласы деген атқа ие болған. Осы дәуірде қаланың көп жері қайта салынды. Зәулім үйлер, керуен сарайлары пайда болды. Көшелерге қыш төселді.

XV ғасырдан бастап Тараз қаласы құлдырай бастады. Бірге-бірге халқы азайып, қала кішірейіп XVII ғасырда шағын елді мекенге айналды. XVIII ғасырдан бері ол Әулиеата деп атала бастады. Қазіргі кезде Тараз қаласы деп аталады. Тараз қаласына бүгінде -2000 жыл.

X-XII ғасырларда Қазақстан жеріндегі халықтардың ғылымы мен мәдениеті көрші елдерге қарағанда едәуір жоғары дәрежеде өркендеген. Орта Азия, Алдыңғы Шығыс және Шығыс Еуропа халықтарымен шаурашылық, сауда және мәдени байланыс жасау осы елдердің халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің өсіп-өркендеуіне игі ықпалын тигізді.

Қазақстан жерінде туып-өскен философ әрі энциклопедист дүние жүзі бойынша Аристотельден кейінгі «екінші» ұстаз Әбу Насыр Мұхаммед-ибн-Мұхаммед-Тархан-ибн-Узлах-әл-Фараби ат-түрік шығыс пен батысқа X ғасырда мәлім болды [6.66,6766]. Ол 870 жылы түрік (қазақ) отбасында Отырар (Фараб) қаласында туған. Руы - қыпшақ, әкесі әскери адам болған. Әл-Фараби жас кезінде өте зерек, ақылды, аттың құлағында ойнайтын болған, садақты да жақсы ата білген. Ол алғашқы білімді туған қаласы Отырардан алады. Жас Фараби Отырар қаласының медресесінде оқып жүріп дүние жүзіне әйгілі болған атақты Отырар кітапханасында жұмыс істеп білімін толықтырады. Фараби Аристотельдің еңбектерін асқан табандылықпен көп зерттейді. Мәселен, «Жан туралы» деген еңбегін жүз рет, ал «Риторика» деген кітабын екі жүз рет оқыған.

Әбу Насыр әл-Фараби математика, астрономия, логика, дәрігерлік, музыка, тіл, риторика, философия салалары бойынша көптеген ғылыми тұжырымдар жасаған. Ол 150-ге жуық еңбек жазған. Оның философиялық еңбегі - «Қайырымды қала тұрғындары», сондай-ақ астрономия ғылымдары бойынша «Жұлдыз бойынша болжау» және ғылым саласына арнап «Ғылымдардың шығуы» атты ең әйгілі еңбектерін атап өтуге болады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуын бүкіл дүние жүзі, соның ішінде біздің еліміз де үлкен салтанатты жағдайда атап өтті.

Орта Азияның ойшыл ғалымы, өз заманының белгілі ақыны - Жүсіп Баласағұни. Ол Жетісуда Баласағұн қаласында 1015 жылы дүниеге келген. Жүсіп өз заманына сай жақсы білім алған, ғылыми еңбектер жазумен айналысқан. Көп зерттеген салалары: әдебиет, тарих, басқа да қоғамдық ғылымдар.

Бізге жеткен ғылыми туындыларының ең ірісі - «Құтадғу білік», яғни «Құтты білік». Жүсіп Баласағұнидің он үш мың жолдан тұратын осы шығармасы өз кезінде жоғары бағаланып, халық арасына кең тараған. Онда кішіні де, үлкенді де имандылыққа, сыпайылыққа, саналыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу ісіне үлес қосқан. Ол бұдан басқа да өсиет өлеңдер жазған. Олардың көбі жоғалып бізге жетпеген.

Махмұд Қашқаридің толық аты-жөні - Махмұд-ибн әл-Хусейн ибн Мұхаммед. Туған жылы бізге белгісіз. Ол Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауындағы Барысхан қаласында туған. Әкесі Хусейн осы қаланың басшысы болған. Қашқаридің бала кезінде-ақ әкесі қызмет бабымен Қашқар қаласына ауысады. Махмұд Қашқари алдымен Қашқарда оқиды. Сосын өз білімін Бұқар, Бағдат қалаларында жалғастырады.

Ғылым жолындағы табандылық оны өз заманының аса білімді тілші әдебиетшісі, тарихшысы, этнографы, географы дәрежесіне жеткізеді. Бізге Махмұд Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағы» («Диуани лұғат-ат-түрік») деп аталатын үш томдық еңбегі жеткен.

Бұл сөздіктің құндылығы түркітілдес халықтар қолданып жүрген көптеген мақал-мәтелдер жайында бізге жан-жақты мәлімет береді. Мәселен, еңбек жайында мақал-мәтелдердің ішінде: «Еңбек етсең емерсің», «Тас бас жарар, Еңбек тас жарар», «Жаз еңбек етсең, қыс қуанарсың», т.б. Сондай-ақ сөздікте ақылдылық пен білімділікке байланысты мәтелдер де жеткілікті: «Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тыңда», «Ақылмен арыстан ұстауға болады» [7].

Қорығып айтқанда, VI-XII ғасырларда Қазақстан жерін мекендеген түрік тайпалары қыпшақ-оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде сөйлеп, олар кейінгі ұрпаққа көптеген өшпес тарихи әдеби мұралар қалдырған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. А., 2008.
2. Археологическая карта Казахстана. А., 1960.
3. Сенигова Т.Н. Вопросы идеологии и культов Семиречья. А., 1968.
4. Бернштам А.Н. К происхождению мавзолея Бабаджи-Хатун //КСИИМК, 1956., вып. 61.
5. Жұмабаев М. Түркістан өлеңі. 1923.
6. Жұмақабеева Б.Д. Қазақстан тарихы. А., 2010.
7. Махмұд Қашқари. Түркі тілдерінің сөздігі. 1-2т.-А., 1996.